



# Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

## 2023 жылғы мамыр

2023 жылғы мамырда жылдық инфляция 15,9%-ды құрады (сәуірде – 16,8%). Азық-түлік тауарлардың бағасы өсуі бір жылда 16,5%-ға дейін (сәуірде – 17,9%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы өсуі 17,2%-ға дейін (сәуірде – 18,2%), ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы өсуі 13,5%-ға дейін (сәуірде – 13,7%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 19 өңірде бәсеңдеді, ал 1 өңірде (Ақмола облысы) – бұрынғы мәнін 17,6% деңгейінде сақтай отырып, өзгерген жоқ. Жылдық инфляция 12 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Ақмола және Маңғыстау облыстарында (17,6%), сондай-ақ Солтүстік Қазақстан (17,3%) облысында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 мамыр – 2023 мамыр), %-бен

Ақмола	13,9	17,6	Қызылорда	13,1	16,1
Маңғыстау	15,2	17,6	Шығыс Қазақстан	14,5	16,0
Солтүстік Қазақстан	13,4	17,3	Атырау	13,1	15,9
Жетісу		16,7	Қазақстан Республикасы	14,0	15,9
Астана қ.	14,4	16,6	Абай		15,7
Ұлытау		16,5	Шымкент қ.	13,6	15,6
Ақтөбе	13,9	16,2	Жамбыл	13,1	15,6
Павлодар	13,6	16,2	Қарағанды	14,8	15,4
Батыс Қазақстан	13,5	16,1	Алматы қ.	13,9	15,3
Қостанай	13,5	16,1	Түркістан	15,4	15,3
			Алматы	13,4	14,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден (16,5% ж/ж) жоғары Маңғыстау (20,7%), Ақмола (18,1%), Қызылорда (17,9%), Абай (17,5%), Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Астана қаласы (17,4%-дан), Жетісу (17,3%), Батыс Қазақстан (17,2%), Атырау (16,9%), Алматы, Қарағанды және Павлодар (16,8%), Шығыс Қазақстан және Ұлытау облыстарында (16,6%) қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы елдегіден (17,2% ж/ж) жоғары Астана қаласында (23,6%), Солтүстік Қазақстан (19,4%), Шығыс Қазақстан (18,5%), Жетісу (17,7%) облысында, Алматы қ. (17,6%), Шымкент қ. (17,5%), Абай (17,4%) және Жамбыл (17,3%) облыстарында өсті.

**Ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы 13,5%-ға дейін ж/ж баяулады, бұл ретте мәндер Ақмола (18,1%), Ұлытау (17,1%), Маңғыстау (16,2%), Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында (15,2%), Павлодар (14,9%), Жетісу (14,6%), Батыс Қазақстан (14,3%), Түркістан (14,2%) және Қарағанды (13,6%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>16,5</b>	<b>17,2</b>	<b>13,5</b>
Ақмола	18,1	17,0	18,1
Ақтөбе	16,4	16,6	15,2
Алматы	16,8	14,1	12,3
Атырау	16,9	16,5	12,9
Батыс Қазақстан	17,2	16,1	14,3
Жамбыл	16,4	17,3	11,8
Қарағанды	16,8	15,4	13,6
Қостанай	17,4	17,0	13,5
Қызылорда	17,9	16,4	12,8
Маңғыстау	20,7	14,3	16,2
Павлодар	16,8	16,5	14,9
Солтүстік Қазақстан	17,4	19,4	15,2
Түркістан	15,2	17,2	14,2
Шығыс Қазақстан	16,6	18,5	12,2
Астана қ.	17,4	23,6	10,2
Алматы қ.	14,3	17,6	15,2
Шымкент қ.	16,0	17,5	13,1
Абай	17,5	17,4	10,8
Жетісу	17,3	17,7	14,6
Ұлытау	16,6	16,0	17,1

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы мамырда елдегі айлық инфляция 0,6%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәннен (2017-2021 жылдардағы мамырда 0,5%) жоғары. Павлодар мен Алматы облыстарын, сондай-ақ Астана қаласын қоспағанда, барлық өңірде 2023 жылғы мамырда бағаның өсуі орташа тарихи мәнінен жоғары болып тіркелді. Түркістан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында, Алматы қаласы баға өсуі орташа тарихи мәнін сақтады. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Шымкент (1,0%) қаласында байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы мамырдағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы мамырдағы орташа мәні	2023 жылғы мамыр	Өңірлер	5 жылғы мамырдағы орташа мәні	2023 жылғы мамыр
Қазақстан Республикасы	0,5	0,6	Батыс Қазақстан	0,5	0,7
Шымкент қ. <sup>1</sup>	0,6	1,0	Түркістан	0,6	0,6
Маңғыстау	0,6	0,9	Шығыс Қазақстан	0,4	0,6
Жамбыл	0,6	0,9	Алматы	0,6	0,5
Ақмола	0,4	0,9	Абай	-	0,5
Ұлытау	-	0,8	Қарағанды	0,4	0,4
Солтүстік Қазақстан	0,5	0,8	Алматы қ.	0,4	0,4
Қызылорда	0,3	0,8	Ақтөбе	0,4	0,4
Қостанай	0,5	0,8	Астана қ.	0,6	0,3
Жетісу	-	0,8	Павлодар	0,6	0,1
Атырау	0,5	0,8			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

<sup>1</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән